

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы  
**«ЖАҒАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ -  
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**  
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының  
**ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**II БӨЛІМ**

25 мамыр 2016 жыл

**СБОРНИК ТРУДОВ**

международной научной конференции молодых ученых  
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО  
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**  
под эгидой IX Астанинского экономического форума

**ЧАСТЬ II**

25 мая 2016 г.

**PROCEEDINGS**

of the international scientific conference of young scholars  
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC  
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**  
in the framework of the IX<sup>th</sup> Astana Economic Forum

**PART II**

25 may 2016

Астана, Қазақстан  
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)  
ББК 65.9(5Қаз)-551я431  
Ж 28

**Редакционная коллегия:**

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,  
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.  
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.  
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.  
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.  
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н., доцент Алибекова Б.А.  
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.  
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н.,  
доцент Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

**Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері:** Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф. еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

**Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации:** Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)  
ББК 65.9(5Қаз)- 551я431

ISBN 978-9965-31-762-0

пузырь» вспомогательных секторов. Он наполнился волнами мигрирующего населения, возникшими из-за дисбалансов между развитыми и развивающимися странами.

### Литература:

1. Послание Президента РК народу Казахстана от 17 января 2014 года «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее». - [электронный ресурс]: [http://akorda.kz/ru/page/page\\_215750](http://akorda.kz/ru/page/page_215750)
2. «www.strategy2050.kz».

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ: МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

*Толысбаев Б.С., Кудайбергенова Ш.С.*

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы  
E-mail: tol\_b@mail.ru

Жергілікті өзін-өзі басқару, тұрғындардың өмір сүру жағдайында маңызды мәселелерді шешу белсенділігін арттыру қосымша қоғамдағы ішкі күштердің күшеюі мен әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық прогрестің жылдамдатады. Халықаралық тәжірибе жергілікті өзін-өзі басқару жергілікті салт-дәстүр, экономикасы және тағы да басқа маңызды жағдайларға байланысты, тіпті бір мемлекет көлемінде болса да айтарлықтай өзгешеліктер байқалатынын көрсетіп отыр.

Сонымен қатар жергілікті өзін-өзі басқару елдің мемлекеттік құрылымына байланысты ерекшеленеді. Жергілікті өзін-өзі басқаруды конституциялық реттеу унитарлы мемлекеттерде федеративті елдерге қарағанда басқаша шешіледі.

Қазақстан тарихында жергілікті өзін-өзі басқарудың төл дәстүрі қалыптасты. Танымал «Жеті жарғы» құжатында орта ғасырдың өзінде түрлі қоғамдық және мемлекеттік құрылым өкілеттілігінің болғанын баяндайды. Жергілікті өзін-өзі басқаруды құру мүмкіндігі 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясында қарастырылған. Онда о бастан-ақ, жергілікті өзін-өзі басқарудың қызмет етуіне және олардың дербестігіне белгіленген құзыреті шеңберінде кепілдік берілген.

Содан бері жергілікті өзін-өзі басқарудың кейбір элементтерін енгізу мен оның заңнамалық базасын дайындау талпыныстары болған.

Үкімет шешіміне сәйкес 1996 жылы тұрғын үй қорын пайдалану мен күту мәселелерін шешу міндеттері жүктелген ПИК-тер (КСК) құрылды. Сондай-ақ, ауылдық жерлерде селолық тұтыну кооперативтері өзінше құрыла бастады.

Жергілікті мәселелерді шешудегі келесі қадам тәжірибе түрінде өткізілген 2001 жылғы ауыл әкімдерін сайлау және 2006 жылғы аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдерін сайлау болды [1].

Ата заңның жетілдіруне байланысты бірнеше өзгерістер енгізілді, атап айтқанда:

- Біріншіден, қоғамдық және мемлекеттік институттардың бірігуіне жол берілмейтін ереже алынып тасталынды. Ол жергілікті өзін-өзі басқару органдарына мемлекеттік қызметтерді жүзеге асыруына мүмкіндік береді.

- Екіншіден, жергілікті өзін-өзі басқару негізі болып енді еркін, жасырын, тік және жалпы дауыс беру арқылы сайланған жергілікті мәслихаттар табылады. Мәслихаттардың рөлі мен құзыреті арттырылып, бес жылға дейін ұзартылды.

Олардың келісімімен барлық деңгейлі әкімдер сайланады. Мәслихатты әкімге сенімсіздік білдіру процедурасы (іс-шарасы) да жеңілдетілген: ертеректе ол мәслихаттың үштен екі бөлігінің даусымен жүзеге асса, қазір тек дауыс берушілер басым болуы жеткілікті. Осылай, Конституцияға жергілікті өзін-өзі басқарудың

жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару жүйелерін жақындатуды көздеген базалық параметрлері енгізілді.

Сонымен қатар, Конституцияда жергілікті өзін-өзі басқару органдарын мемлекеттік билікке жатқызбауы жергілікті өзін-өзі басқарудың дербестігін көрсетеді. Алайда, бұл жергілікті өзін-өзі басқарудың мемлекеттік-биліктік қатынастар жүйесінен тыс және мемлекеттен мүлде тәуелсіз еместігін білдірсе керек [2].

Бүгінгі күні мәслихаттар өкілді билік органы ретінде өзін толық ақтап шықты, мәслихаттардың жұмысын жандандыру және олардың мемлекеттік басқару жүйесіндегі рөлін ұдайы арттырып отыру қажеттігіне айрықша көңіл бөлінуде. Әкімдердің мәртебесі мен жауапкершілігін арттыруға және орталық пен аймақтардың құзыретін нақтылау қажеттігі де назардан тыс қалмауда.

Ел дамуының қазіргі кезеңінде мемлекеттік басқарудың тиімділігін одан әрі арттыру қажеттілігін негізге ала отырып, биліктің барлық деңгейлер арасындағы функцияларды неғұрлым айқын ажырату, реформалар жүргізу орталығын жергілікті мемлекеттік басқарудың төменгі деңгейлеріне ауыстыру мәселелері басым мәселелерге айналуы керек. Биліктің аудандық, қалалық және ауылдық деңгейлері жергілікті маңызы бар міндеттерді шешуде неғұрлым дербес және жауапты, олардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершіліктері заңнамалық деңгейінде айқын реттелуге тиіс.

Белгілі бір функцияларды мемлекеттік басқарудың белгілі бір деңгейіне жатқызу тұрақты функционалдық талдау жасаудың негізінде жүзеге асырылады. Мемлекеттік функцияларды орындау мемлекеттің еңбек және материалдық ресурстарын пайдалану тиімділігін әрі бюджет қаражатын пайдаланудың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында халыққа барынша жақын болуға тиіс.

Елімізде экономикалық реформалардың басым бағыттары мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыру мен жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін қалыптастыруға негізделіп отыр. Осы аталмыш процесті дамыту экономикалық жүйеге, елдің тұрақты әлеуметтік – экономикалық жағдайына байланысты.

Қазақстан аумағы кең, сондықтан еліміз аймақтарының табиғи байлықтарының қалыптасуы, климаттық жағдайлары және тағы басқаларының әлеуеті де әркелкі. Сонымен қатар олар демографиялық, этникалық және тарихи ерекшеліктері бойынша да бір біріне ұқсамайды. Мемлекет барлық аймақтардың қажеттіліктерін бірдей деңгейде қанағаттандыра алмайтындықтан, мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіліктерді бөлу қажеттігі туындайтыны заңдылық.

Дәл қазіргі кезде жергілікті мемлекеттік басқару органдары – ауыл, ауылдық округтер, аудандық маңызы бар қалалар деңгейіндегі әкімдер институттарының жұмыстары тиімді емес, олай дейтініміз жоғарыда тұрған әкімдер үкіметке тәуелді. Жергілікті басқару органдары жеке бюджетке ие еместігі салдарынан, олардың экономикалық жеке қызмет етуге мүмкіндіктерін болғызбайды. Олардың басшыларын тағайындау жүйесі әкімдерде «уақытша» ғана жұмыс істеу туралы ойлау психологиясын туғызады. Сондықтан олардың қызметі негізінен халықтың мүддесін қанағаттандыру мен аумақты экономикалық өсіруге емес, жоғары тұрған органдардың бұйрығын орындауға бағытталады. Міне, осындай жағдайларды біртіндеп жою және оларды болдырмаудың бір жолы – жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін енгізу болып табылады [3].

«Нұр Отан» партиясының Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сардалы саясатының арқасында өткен жылдар ішінде мемлекеттік және қоғамдық институттардың қалыпты дамуына ықпал жасайтын, Қазақстанның тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ететін бірқатар маңызды заңнамалық актілер қабылданды. Осы қатарға Мемлекет басшысының Астана қаласында 2015 жылғы 6 мамырда өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында бес институттық реформаны жүзеге асырудың 100 нақты қадамын белгілеп берген «Ұлт жоспары» бағдарламасын да сеніммен жатқызуға болады. Ұсынылған «100 нақты қадам» елімізге «2050» Стратегиясын жүзеге асыру мен Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға, жолдан адаспауға, күрделі кезеңнен сенімді өтуге жағдай

туғызатын беріктік қорын жасап беретінін терең сезіне отырып, жергілікті өкілетті органдардың депутаттық корпусы аталған жоспардағы 97, 98, 99 қадамдарға айрықша назар аударуда. Олар – өзін өзі реттеу мен жергілікті өзін өзі басқаруды дамыту арқылы азаматтардың шешімдер қабылдау үдерісіне қатысу мүмкіндігін кеңейту. Мемлекетке тән емес қызметтерді бәсекелестік ортаға және өзін өзі реттеуші ұйымдарға беру. Мемлекет басшысының ауылдық округ, кент, аудандық маңыздағы қала деңгейінде жергілікті өзін өзі басқарудың дербес бюджеті енгізілетіні, облыс орталықтарында және республикалық маңыздағы қалаларда азаматтардың тиісті бюджеттік жобаларын талқылауға қатысуының тетіктері жұмыс істейтін болатындығы жөніндегі ұсынысты қабылдадық [4].

Қазақстан Республикасында шынайы өзін-өзі басқаруды қалыптастыруға арналған көптеген жарияланымдар мен еңбектердің, пікірталастардың мазмұнын талдау қалай дегенде де жергілікті өзін өзі басқару туралы арнаулы заң шығару қажет екендігін көрсетіп отыр.

Көптеген сарапшылар кемшілік ретінде мына мәселелерді тап басып көрсетеді: ұсынылған заң жобалары жергілікті өзін өзі басқаруды қоғамдық ұйымдар және волонтерлік қозғалыстармен бір қатарға қойып қарастырған. Яғни, бастапқыда заңды дайындаушылар жергілікті өзін өзі басқаруды тең дәрежелі әріптес ретінде көрмеген және жергілікті маңыздағы мәселелерді шешуге жауапты, тиісті атқарушы және өкілетті органдары, өзіндік бюджеті және меншігі бар көпшілік өкіметтің органы ретінде жоспарламаған. Оның қызмет барысы үшін қандай да бір нақтылы қаржы негіздері болмады. Ұсынылған заң жобаларына қатысты басқа да бірқатар сын-ескертпелер айтылуда. Айталық, мынадай маңызды мәселе – жергілікті өзін-өзі басқару органдарын тиісті кадрлық әлеуетпен қамтамасыз ету. Ашығын айту керек, қалалардағы маман кадрлар мен алыс ауылдардағы кадрлардың арасында үлкен айырмашылық бар. Мұны біз жақында тұрғылықты елді мекендердің әкімдерін сайлау барысында жақсы байқадық [5].

Саяси реформалардың күтіп отырған маңызды нәтижелерінің бірі қоғамдастықты саяси шешімдерді қабылдау үдерісіне кеңінен тарту және белсенділігін арттыруға қол жеткізу болып табылады. Осы міндетті жүзеге асыру аясында Қазақстанда бірқатар реформаларды жүргізу жоспарланып отыр. Олар өз кезегінде қазіргі мемлекеттік басқарудың бет-бейнесін анықтап, беделін арттырады, сондай-ақ, қоғам мен мемлекеттің өзара қарым-қатынасының қағидалық негіздерін қалыптастырады.

Үкіметтік емес секторды мемлекеттік қолдауды одан әрі жүзеге асыру саясаты да жаңа белеске шықты, атап айтқанда, үкіметтік емес ұйымдар арасында мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстарды орналастыру қоғамдық секторды мемлекет тарапынан барынша қаржылай қолдау болып табылады.

Сөз жоқ, өкімет пен үкіметтік емес ұйымдар арасындағы ашықтық және жариялылық негізіндегі байыпты байланыс сыбайлас жемқорлық пен төрешілдік жолына қосымша кедергі қоюға мүмкіндік береді.

Бұл ретте, Мемлекет басшысы атап өткендей, мемлекеттік органдар мен әкімдіктер жанындағы қоғамдық кеңестердің ролін арттыру да маңызды. Жергілікті жерлердегі іс-тәжірибелі мамандардың мемлекеттік органдар жанындағы қоғамдық кеңестердің ролін күшейту жөніндегі ұсыныстары да назар аударуға тұрарлық. Бұған мемлекеттік органдардың саяси шешімдерді жоспарлау және қабылдау сатысында қоғамдық кеңестерге ақыл салуы, қоғамдық кеңес ұғымын заңды түрде бекіту, қоғамдық бірлестіктер мен коммерциялық емес ұйымдардың қоғамдық кеңестерді тағайындау рәсіміне бастамашы болу мүмкіндігі және т.б. жатқызуға болады [5].

Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі негізінде осыдан екі жыл бұрын әрбір қалалық және ауылдық округ әкімдіктерінде өз алдына дербес шот ашылғаны белгілі. Аталған жүйе бойынша ауылдық округ әкімдерінің жұмыс жүргізбегенінің айғағы. Мемлекетіміз де түрлі айыппұлдар мен салықтардан жиналған қаржыға мектептер мен балабақшалар салып, ондағы қызметшілерге де айлық есебінде ақша төлейді. Сол секілді әкімдер өз округтерінде кәсіпкерліктерден және айыппұлдар мен ерікті аударымдардан түскен қаржыны әлеуметтік мәселелерді шешу мақсатында пайдалана алады. Бұл қарапайым мысал. Қазір таңда

жергілікті әкімдерге төрт айыппұл түрі беріліп отыр. Атап айтсақ, жасыл-желектерді орынсыз отау, заңсыз сауда орын алған жағдайда айыппұл салу құқығы, ит пен мысықтарды белгіленбеген жерде серуендету және ауылдық округтің абаттануына кедергі келтіретін кемшіліктер анықталған жағдайда айыппұл салу құқығы [7].

«Ұлт жоспары – 100 нақты қадам» бағдарламасына сәйкес, жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің дербес шотын қалыптастыру 2018 жылы жүргізілетін болады. Осыған орай әрбір қала, ауылдық округ әкімдері тас-түйін дайын болуы қажет. Бұл дегеніміз аталған жүйе негізіндегі заң нормаларын жіті зерттеп соның тетіктерін игеру деген сөз. Сондай-ақ, әкімшілік құқық бұзушылық баптарына сәйкес олқылықтар орын алған жағдайда айыппұл салудан тартынбаңыздар. Үлкен кісі немесе туысқан, ағайын дейтін түсініктерден арылған абзал. Өйткені, өз мүдденізден мемлекет мүддесі жоғары екендігін ескеріңіздер

Жалпы алғанда, әлеуметтік жаңғыру – Қазақстанның барлық жауапты күштері – мемлекеттік органдар, партиялар, қоғамдық бірлестіктер шығармашылық және кәсіптік одақтар, бұқаралық ақпарат құралдары, еліміздің барлық патриоттарының ортақ мәселесі. Алға қойған мақсаттарға жетуде республикадағы жергілікті өзін-өзі басқарудың орталық буыны болып табылатын жергілікті өкілетті орган ретінде мәслихаттарға да маңызды рөл бөлінген.

Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін дамыту – экономикалық өркендеудің, әлеуметтік әл-ауқаттың және азаматтық қоғамды қалыптастырудың міндетті шарттарының бірі. Алайда, әлемнің дамыған елдерінде жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі бірнеше кезеңде қалыптасқаны және бұл үдеріс тарихи ұзақтығымен сипатталатыны белгілі. Ал, Қазақстанда жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қалыптасуы мен даму процесі салыстырмалы түрде жақында ғана басталды. Заңнама базасын, қолдану практикасын қайта қарауда, басқару жүйесін түзетуде және халықтың таным-түсінігін өзгертуде ауқымды жұмыс күтіп тұрғаны айқын.

#### Әдебиеттер:

1. Сәдіркызы Г. «Жергілікті өзін-өзі басқару...» //Егемен Қазақстан – 2011. - 21 қараша – 8 бет
2. Дәулетбаева Б. Жергілікті өзін-өзі басқару //Дала мен қала – 2006. – 2 шілде – 6 бет
3. Нүкенов А. Жергілікті басқаруды жетілдіру мәселелері //Саясат – 2011- №20 – 19 бет
4. Ұлт жоспары – 100 қадам баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет// Егемен Қазақстан – 2015 - 5 мамыр – 3 бет
5. Дулатбеков Н. Күрделі кезеңнің сынақтарынан сеніммен өту жолында //Ұлт – тәуелсіз интернет басылым – Кіру тәртібі: <http://ult.kz/?p=4117>
6. Манасбек Ә. Өзін-өзі басқару: өзекті мәселелер //Еңбекші қазақ ауданы Әкімдігінің ресми сайты-кіру тәртібі:
7. Қазақстан Республикасының Парламенті - Кіру тәртібі: <http://www.parlam.kz/kk>

## ИННОВАЦИОННЫЕ ПОДХОДЫ В УПРАВЛЕНИИ ПЕРСОНАЛОМ НА ПРЕДПРИЯТИИ

*Тұрмаханбетова Ш.Ш., Кулиманов А.А.*

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,

г. Астана, Республика Казахстан

E-mail: askhat\_85\_85@mail.ru

В связи с выстраиванием в последние годы в Казахстане новой системы управления особое значение стало придаваться вопросам совершенствования на предприятиях различных форм собственности работы с таким главным источником конкурентных преимуществ, как персонал. До недавнего времени в казахстанских компаниях преобладала Западная (американская) модель управления, но перенесенная на отечественную почву, без